**Жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарарларды іске асыру жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған іс- қимыл жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 25 маусымдағы № 551 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарарларды іске асыру жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары ( бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша), сондай-ақ Жоспардың орындалуына жауапты басқа да ұйымдар (келісу бойынша):

1) Жоспарды іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) жыл сайын, 15 желтоқсаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі жыл сайын, 10 қаңтардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы 25 маусымдағы
№ 551 қаулысымен
бекітілген

**Жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарарларды іске асыру жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

| Р/с № | Іс-шараның атауы | Аяқталу нысаны | Орындауға жауаптылар | Орындау мерзімі | Болжанатын шығыстар (мың теңге) | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. Жанжалдардың алдын алуға және бейбітшілік орнатуға әйелдер мен ерлердің қатысуы | | | | | | |
| 1. | Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеу кезінде жанжалдарды болғызбау және алдын алу немесе оларды шешу үшін медиация пайдаланылатын делдалдық туралы ережелерді қосу мәселелерін қарау | халықаралық шарттардың жобаларына ережелерді қосу | СІМ, Қорғанысмині | жыл сайын | - | талап етілмейді |
| 2. | Дипломат-әйелдер мен сарапшылардың делдалдық және гуманитарлық миссиялармен қоса халықаралық және өңірлік бейбітшілік процестері | әйелдердің келіссөздер мен консультацияларға қатысуы | СІМ, Қорғанысмині, ІІМ, БП (келісу бойынша) | жыл сайын | - | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мен келіссөздерге қатысуы | | | | | талап етілмейді |
| 3. | " Бітімгершілік операцияларындағы гендерлік аспектілер" курсын өткізу | оқыту тренингтері | Қорғанысмині, Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі (келісу бойынша) | жыл сайын | - | Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі есебінен |
| 4. | Қорғанысмині, ІІМ, ТЖМ, БП, ЖС жүйелерінде басшы лауазымдарға әйелдерді ілгерілету, сондай-ақ олардың одан арғы мансабын мониторингтеу | МАМ-ға ақпарат | ҚМ, ІІМ, ТЖМ, БП (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша) | жыл сайын | - | талап етілмейді |
| 5. | Тренингтер мен оқытудан өткен әйелдер, награда алған әйелдер мен басшы лауазымдардағы әйелдер санының көрсеткіштеріне сүйене отырып, кауіпсіздік және қорғаныс саласындағы кәсіптік дамудың гендерлік сезімтал тәсілін әзірлеу | МАМ-ға ақпарат | Қорғанысмині, ІІМ, ТЖМ, БП (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша) | жыл сайын | - | талап етілмейді |
| | Діни және қоғамдық бірлестіктер өкілдері болып табылатын әйелдердің | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6. | дінаралық және өркениетаралық диалогты нығайтуға, бейбітшілікті, жаһандық тұрақтылықты және қауымдастықтардың тұрақтылығын сақтау, қоғамдық шоғырлануды ілгерілету жөніндегі бастамаларға қатысуы | дөңгелек үстел | МАМ, СІМ | 2028 жыл | көзделген қаражат шеңберінде | РБ 002 " Қоғамдық келісім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру" |
| 7. | Қазақстан ауыл әйелі: қоғам трансформациясы жағдайындағы жұмыспен қамтылуы, әлеуметтік рөлі және өмірлік траекториясы " тақырыбындағы зерттеу аясында әйелдердің " Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік" күн тәртібі контекстігі рөлі туралы бөлімді дайындау және енгізу, олардың әлеуметтік тұрақтылыққа қосатын үлесіне, жергілікті қауымдастықтар өміріне | зерттеу | МАМ, ҚҚДИ (келісу бойынша) | 2026 жыл | 5796 | РБ 004 " Ақпарат және әлеуметтік даму саласындағы мемлекеттік саясатты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қатысуына, тәуекелдердің алдын алуға және күнделікті қауіпсіздікті нығайтуға басымдық беру | | | | | қалыптастыру" |
| 8. | Ақпараттық кеңістіктегі гендерлік теңдік мәселелерін гендерлік сезімталдық тұрғысынан жариялаудың бірыңғай кәсіптік стандарттарын ілгерілету мақсатында мемлекеттік органдардың баспасөз қызметкерлері, мемлекеттік, мемлекеттік емес және тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының басшылық құрамына тренингтер | тренинг қорытындысы бойынша есеп | МАМ, Қорғанысмині, СІМ, ІІМ, БП (келісу бойынша), КС аппараты (келісу бойынша), Қазақстандағы БҰҰ әйелдері (келісу бойынша) | 2026 жыл | көзделген қаражат шеңберінде | РБ 009 "Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету" |
| | Жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдарды | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9. | ң алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарарларды түсіндіруге және ілгерілетуге бағытталған арнайы сюжеттер (роликтер) немесе бағдарламалар дайындауды және таратуды қамтитын ақпараттық науқандарды әзірлеу және жүзеге асыру | медиа-жоспардың орындалуы туралы есеп | МАМ, мүдделі орталық мемлекеттік органдар | жыл сайын | көзделген қаражат шегінде | РБ 003 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" бюджеттік бағдарламасының шеңберінде көзделген қаражат шегінде |
| 2. Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық болғызбау және оларды, әсіресе жанжал кезіне және төтенше жағдайларға қорғау | | | | | | |
| | Қайталанатын зорлық-зомбылық қаупін бағалауды және жәбірленушілерге бағдар берудің | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10. | ведомствоаралық тетігін қоса алғанда, тәуекелдерді бағалауды ескере отырып отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне полицияның ден қоюының бірыңғай алғышарттарын (стандартты операциялық рәсімдер) енгізу | стандарттарды әзірлеу және бекіту | ІІМ, ЖАО, ЕО (келісу бойынша) | 2026 жыл | - | ЕО қаражаты есебінен | |
| 11. | Мамандандырылған полиция бөлімшелері қызметкерлерінің тұрмыстық және сексуалдық зорлық-зомбылық құрбандарымен дұрыс өзара іс-қимыл жөніндегі құзыреттік деңгейін арттыруға арналған семинарлар өткізу | МАМ-ға ақпарат | ІІМ, ЖАО, БҰҰДБ (келісу бойынша) | 2026 жыл | - | ЕО қаражаты есебінен | |
| | Көші-қонға байланысты зорлық-зомбылық пен қауіптерден қорғау туралы нұсқаулықты бекіту (мобильді көмек көрсету | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 12. | орталықтары, қауіпсіз тұру орталықтары, құжаттарын немесе мүлкін жоғалтқан әйелдерге арналған заң көмегі) және уақытша қауіпсіз баспаналарды, заң көмегін және медициналық қолдауды қоса алғанда, мигрант әйелдерді қорғау тетігін әзірлеу | ІІМ-нің бұйрығы | ІІМ, Еңбекмині, ДСМ, **ҒЖБМ**, ОМ, ЖАО, БП (келісу бойынша), ӘІОСҰК (келісу бойынша) | 2027 жыл | - | талап етілмейді |
| 13. | ТЖМ қызметкерлерін эвакуациялау іс-шараларын жүргізу кезінде гендерлік сезімтал ден қою тәсілдеріне оқыту және практикасын жүргізу | тренинг қорытындысы бойынша есеп | МАМ, ТЖМ, ДСМ, ЖАО, ӘІОСҰК (келісу бойынша), Қазақстандағы "БҰҰ әйелдері" құрылымы (келісу бойынша) | 2027 жыл | - | Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" қаражаты есебінен |
| 14. | "Қазақстан Республикасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы" тақырыбында ұсынымдар әзірлеуді қоса алғанда, Ұлттық баяндама дайындау | Ұлттық баяндама | МАМ, ҚҚДИ (келісу бойынша) | 2027 жыл | 15416 | РБ 004 "Ақпарат және әлеуметтік даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" |
| | | | МАМ, ІІМ, Еңбекмині, ДСМ, **ҒЖБМ**, | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 15. | "Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет" республикалық акциясын өткізу | МАМ-ға ақпарат | ОМ, ЖАО, БП (келісу бойынша), ӘІОСҰК (келісу бойынша), АҚЖҰО (келісу бойынша), Қазақстандағы "БҰҰ әйелдері" құрылымы (келісу бойынша), ЕҚЫҰ (келісу бойынша), БҰҰДБ (келісу бойынша) | жыл сайын | - | Қазақстандағы Эберт қоры, Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі, Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" қаражаты есебінен |
| 16. | "Орталық Азиядағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жүйесі: агрессорларға арналған түзету бағдарламалары" халықаралық конференциясы | конференция | ІІМ, ДОО (келісу бойынша), Эберт қоры (келісу бойынша), Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі (келісу бойынша) | жыл сайын | - | Қазақстандағы Эберт қоры, Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі |
| 17. | Гендерлік зорлық-зомбылықты жою бойынша Орталық Азия альянсымен бірлесіп Орталық Азиядағы гендерлік зорлық-зомбылықтың профилактикасы және оған ден қою саясаты мен практикасын жетілдіру | форум | Қазақстандағы "БҰҰ әйелдері" құрылымы (келісу бойынша), "БҰҰ-Әйелдер" құрылымы жанындағы Гендерлік зорлық-зомбылықты жою жөніндегі Орталық Азия Альян хатшылығы ( | жыл сайын | - | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жөнінде жыл сайынғы өңірлік диалог өткізу | | келісу бойынша) | | | ЕО қаражаты есебінен |
| 18. | Тренерлерді даярлау мен оқу материалдарын әзірлеуді қоса алғанда, журналистер мен контент жасаушыларға гендерлік зорлық-зомбылық жағдайларын жауапты әрі гендерлік сезімтал тәсіл арқылы жария ету жөнінде оқу өткізу | оқу материалдарын әзірлеу | Қазақстандағы "БҰҰ әйелдері" құрылымы құрылымы (келісу бойынша), "БҰҰ-Әйелдер" құрылымы жанындағы Гендерлік зорлық-зомбылықты жою жөніндегі Орталық Азия Альянс хатшылығы (келісу бойынша) | 2026 жыл | - | Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" қаражаты есебінен |
| 19. | Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша азаматтық қоғам ұйымдары мен жастар ұйымдарының әлеуетін күшейту | тренингтер | Қазақстандағы "БҰҰ әйелдері" құрылымы (келісу бойынша), "БҰҰ-Әйелдер" құрылымы жанындағы Гендерлік зорлық-зомбылықты жою жөніндегі Орталық Азия Альянс хатшылығы (келісу бойынша) | жыл сайын | - | ЕО қаражаты есебінен |
| 20. | "Орталық Азияда гендерлік тұрғыдан әйелдерге қатысты ұқсас зорлық-зомбылық бойынша – "Ешкім назардан тыс қалмайды" | зерттеу | "БҰҰ-Әйелдер" құрылымы (келісу бойынша), "БҰҰ-Әйелдер" құрылымы жанындағы Гендерлік зорлық-зомбылықты жою жөніндегі | 2026 жыл | - | "БҰҰ-Әйелдер" құрылымы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тақырыбында зерттеу жүргізу | | Орталық Азия Альянс хатшылығы ( келісу бойынша) | | | қаражаты есебінен |
| 21. | Орталық Азиядағы HeForShe жаһандық науқанын қолдау арқылы зиянды гендерлік стереотиптер туралы хабардарлықты арттыру және ерлер мен ұлдарды гендерлік теңдікті ілгерілетуге тарту бойынша жұмыс жүргізу (оның ішінде бұрын әзірленген коммуникациялық материалдарды пайдалана отырып) | ерлік стереотиптері туралы комикс буктерді тарату, "XXI ғасырдағы ер адам" подкаст көрсетілімдері, сондай-ақ басқа да кездесулер мен презентациялар | " БҰҰ-Әйелдер " құрылымы жанындағы Гендерлік зорлық-зомбылықты жою жөніндегі Орталық Азия Альянс хатшылығы ( келісу бойынша) | 2026 жыл | - | " БҰҰ-Әйелдер " құрылымы қаражаты есебінен |
| 22. | Интервенциялық қолдау моделін ( агрессорларға психологиялық көмек көрсету), сондай-ақ агрессия деңгейін төмендетуге және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасына бағытталған | моделді әзірлеу және бекіту | ДСМ, Еңбекмині, ІІМ, БП (келісу бойынша), ҮЕҰ (келісу бойынша), ДОО(келісу бойынша), Эберт қоры ( келісу бойынша) | жыл сайын | - | Эберт қоры қаражаты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс әдіснамасын әзірлеу | | | | | есебінен |
| 3. Гендерлік аспектіні көтермелеу және көшбасшылықты дамыту | | | | | | |
| 23. | Әкімдердің штаттан тыс кеңесшілерінің гендерлік теңдік және инклюзия мәселелері бойынша біліктілігін арттыруға арналған тренингтер өткізу | тренинг қорытындысы бойынша есеп | МАМ, Еңбекмині, ЖАО, ӘІОСҰК (келісу бойынша), ҮЕҰ (келісу бойынша), Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі (келісу бойынша) | 2027 жыл | - | Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі қаражаты есебінен |
| 24. | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар қатарынан гендерлік омбудсмендер институтын енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру | бұйрық | ҒЖБМ, МАМ | 2027 жыл | - | талап етілмейді |
| 25. | ТМД елдеріндегі пенитенциарлық жүйедегі әйелдер құқықтарын қорғау туралы тақырыптық баяндама дайындау | ТМД Адам құқықтары жөніндегі комиссиясының жұмысы шеңберіндегі баяндама | АҚЖҰО (келісу бойынша), ІІМ, ДСМ | 2026 жыл | - | талап етілмейді |
| | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің " | | АҚЖҰО (келісу | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 26. | Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі әйелдер құқықтарын қорғау" тақырыбындағы арнайы баяндамасы | арнайы баяндама | бойынша), БП (келісу бойынша), ІІМ, Еңбекмині, МАМ | 2027 жыл | - | талап етілмейді | |
| 27. | "Әйелдер құқығын қорғау: халықаралық стандарттар, ұлттық практика және даму жолдары" тақырыбында зерттеу жүргізу | зерттеу, монография | АҚҰО (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), ІІМ, Еңбекмині, МАМ | 2026 жыл | - | талап етілмейді | |
| 28. | Тұрақты дамуды қамтамасыз етудегі әйелдердің рөлін талқылау үшін өңірдегі әйел көшбасшылармен кездесу ұйымдастыру | МАМ-ға ақпарат | ЖАО | | | | |
| 29. | Халықтың әлеуметтік осал санаттарына жататын әйелдерді бизнес ашу мен жүргізу дағдыларына оқыту | есеп | АҚУ (келісу бойынша), ҰЭМ, ҮЕҰ (келісу бойынша) | 2026 жыл | - | Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисінің қаражаты есебінен | |
| | | | КС аппараты (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша), СӘ (келісу бойынша), | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 30. | Орталық Азия елдерінде сот төрелігі және қауіпсіздік саласындағы Әйелдер альянсы шеңберінде өңірлік ынтымақтастықты дамыту | кездесулер, дөңгелек үстелдер, семинарлар және тренингтер | СІМ, ІІМ, Қорғанысмині, ТЖМ, БП (келісу бойынша) Қазақстандағы "БҰҰ әйелдері" (келісу бойынша), Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі (келісу бойынша) | жыл сайын | - | "БҰҰ-Әйелдер" құрылымы, Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисінің қаражаты есебінен |
| 31. | Құқық қорғау органдарындағы гендерлік бағдарланған және гендерлік сезімтал кадр саясаты бойынша оқу курстарын өткізу | курстар | ІІМ, Қорғанысмині, БП (келісу бойынша) | жыл сайын | - | Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарлалар офисінің қаражатаы есебінен |
| 32. | Қауіпсіздік секторындағы және құқық қорғау органдарындағы "Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік" күн тәртібін ілгерілету бойынша конференция | конференция | БП (келісу бойынша), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы (келісу бойынша), Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі (келісу бойынша) | 2026 жыл | - | Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисінің қаражатаы есебінен |
| | "Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік" күн тәртібін ілгерілетудегі прогресс бойынша | | Қорғанысмині, ІІМ, ТЖМ, СІМ, МАМ, БП (келісу бойынша), ҮЕҰ (келісу | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 33. | құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен онлайн-семинарлар мен талқылаулар өткізу | семинар | бойынша), Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі (келісу бойынша) | жыл сайын | - | Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі есебінен |
| 34. | 2026 жылғы парламенттік сайлауға қатысу үшін әйелдердің әлеуетін арттыру мақсатында азаматтық қоғам ұйымдарына қолдау көрсету және оқыту тренингтерін өткізу, сондай-ақ саяси партиялармен ынтымақтастықты ескеру | тренинг қорытындысы бойынша есеп | МАМ, ӘІОСҰК (келісу бойынша), Қазақстандағы "БҰҰ әйелдер" құрылымы (келісу бойынша) | 2026 жыл | - | РБ 009 "Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету" |
| 35. | Гендерлік теңдікті ілгерілету және "Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік" күн тәртібі мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғам ұйымдарының, жастар мен сараптама ұйымдарының қатысуымен консультация | кездесулер мен дөңгелек үстелдер | Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар | жыл сайын | - | Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | лық кездесулер өткізу | | | | | қаражаты есебінен |
| 4. Киберқауіпсіздіктің рөлін күшейту | | | | | | |
| 36. | Гендерлік зорлық-зомбылық пен онлайн зорлық-зомбылықты мониторингтеу бойынша ұлттық цифрлық платформа құру және әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық қаупін ерте анықтау және оларды қорғау шараларын бақылау мақсатында жасанды интеллект технологиясын пайдалана отырып, ведомствоаралық дерек алмасудың бірыңғай цифрлық модулін енгізу | зорлық-зомбылық фактілері бойынша деректерді есепке алу мен талдаудың автоматтандырылған жүйесін құру | ІІМ, Қорғанысмині, ЖИЦДМ, Еңбекмині, БП (келісу бойынша) | жыл сайын | - | БҰҰДБ қаражаты есебінен |
| 37. | Әйелдерге арналған цифрлық қауіпсіздік стандарттарын әзірлеу, сондай-ақ жасанды интеллект саласындағы цифрлық сауаттылық бағдарламаларын енгізу | стандарттар әзірлеу | ЖИЦДМ, ІІМ, МАМ | 2027 жыл | - | талап етілмейді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 38. | Әйелдерге қатысты онлайн зорлық-зомбылық жағдайлары (кибербуллинг, аңду, қорқытулар) туралы жедел ақпарат алмасу үшін мемлекет пен ҮЕҰ арасындағы өзара іс-қимылдың тұрақты платформасын құру бойынша ұсыныстар әзірлеу және бірлескен ден қою шараларын әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіміне ұсыныс | МАМ, ЖИЖЦДМ, ҮЕҰ (келісу бойынша), АҚЖҰО (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша), Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша) | 2028 жыл | - | талап етілмейді |
| 39. | Адам саудасына қатысты, сондай-ақ интернет желілерін қолдана отырып жасалған қылмыстарды анықтау, ашу және тергеп-тексеру бойынша полиция қызметкерлеріне арналған тренингтер | тренинг қорытындысы бойынша есеп | ІІМ, Ішкі істер министрлігінің Қарағанды академиясы (келісу бойынша), Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі (келісу бойынша) | жыл сайын | - | Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі қаражаты есебінен |
| 5. Климаттың өзгеруі және оның тұрақты дамуға әсері | | | | | | |
| 40. | Әйелдердің су дипломатиясы жөніндегі делегацияларға (Арал аймағы, Каспий) және | | СІМ, ЭТРМ, СРЖИ | жыл сайын | - | талап етілмейді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | климаттық келіссөздерге қатысуын қамтамасыз ету | делегациялар құрамына енгізу | | | | |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚК – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия;

АҚҰО – Қазақстан Республикасындағы " Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық";

ӘІОСҰК – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясы;

БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы;

БҰҰДБ – Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы;

**ҒЖБМ** – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ДОО – Қазақстанның Дағдарыс орталықтары одағы занды тұлғаларбірлестігі;

ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;

ЕҚЫҰ – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы;

Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ЕО – Еуропалық Одағы;

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;

ЖИЦДМ – Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі;

ЖС – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты;

КС аппараты – Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының аппараты;

ҚҚДИ – Қазақстандық қоғамдық даму институты;

Қорғанысмині – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;

ОАМ – Қазақстан Республикасының Оқу- ағарту министрлігі;

ПӘ – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі;

РБ – республикалық бюджет;

СРЖИ – Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі;

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы;

ҰҚК – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйымдар;

ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

Эберт қоры – Фридрих Эберт атындағы қор;
ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК